ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПЕРИФРАЗАНЫҢ ҚОЛДАНЫСТЫҚ СИПАТЫ

ф.ғ.к., әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың қауымд. профессоры
Жайна Бағашарқызы Саткенова,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың 1-курс магистранты
Нурдана Мусақызы Жансерік
zhanserikova00@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі перифразаның тілдік табиғаты мен зерттелу тарихына шолу жасалып, перифраза метафора, метонимия және фразеологизм секілді тілдік бірліктермен функционалдық тұрғыдан салыстырыла қарастырылады. Перифразаның номинативтік, экспрессивтік, бағалауыштық және прагматикалық қызметтері айқындалып, оның көркем мәтіндердегі, публицистикалық стильдегі және ауызекі тілдегі қолданыс ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі перифразаның қолданыстық қызметі, лексикография саласындағы маңызы, сөздік түзу ісіндегі орны және перифразалық бірліктердің әртүрлі сөздіктерде берілу ерекшеліктері сөз етіледі. Перифразаның тілдік жүйедегі орнына қатысты ғалымдардың тұжырымдары сараланып, олардың ғылыми көзқарастары салыстырмалы түрде талданады. Бұл перифразаның дербес лексика-семантикалық бірлік ретінде танылу мәселесін нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі перифразалық қолданыстардың құрылымдық, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктері анықталады. Перифразалардың көпкомпоненттілігі, тұрақтылық дәрежесі, контекстік тәуелділігі және бағалауыштық сипаты талданып, олардың тілдік қолданыстағы вариативтілігі көрсетіледі. Зерттеу материалы ретінде Қазақ ұлттық корпусы деректері пайдаланылып, әртүрлі жанрлар мен стильдерден перифразалық қолданыстарға нақты мысалдар іріктеледі. Жиналған тілдік материалдар негізінде қазақ тіліндегі перифразалар сөздігі жобаланады. Ұсынылып отырған сөздік перифразалық тіркестердің мағынасын, қолданылу аясын, стилистикалық реңкін және контекстік ерекшеліктерін айқындауға бағытталады. Бұл сөздік перифразалық бірліктерді оқытуда, мәтін талдауда, аударматану мен лингвомәдениеттану салаларында негізгі әрі тиімді құрал бола алады. Сонымен қатар аталмыш сөздік қазақ тілінің бейнелі мүмкіндіктерін жүйелеуге және ұлттық дүниетанымды тіл арқылы танытуға зор үлес қосады.

Түйін сөздер: қазақ әдеби тілі, көркем әдебиет стилі, перифраза, перифразалық сөздік.

Кіріспе

Қазақ тілі бейнелі, образды сөздерге бай тілдердің бірі болып саналады. Тіліміздің бұндай қасиетін арттырып, көрікті етіп тұратын да троп түрлері. Троп түрлерін зерттеп, оның табиғатын ашумен айналысатын сала – тропология. Троп түрлері сөз болғанда олардың қатарына перифраздарды қосып айтуымыз қажет. Себебі перифраз ұғымы өзге троп түрлеріне қарағанда едәуір артта қалып келе жатыр. Тілімізде кездесетін дайын тілдік перифраздарды оқыту, ақын-жазушылардың қолданысындағы авторлық перифраздарды талдау өзекті мәселе. Бұған дейін жарық көрген перифразға қатысты барлық зерттеу жұмыстарына, іргелі еңбектерге, кандидаттық диссертацияларға тоқталып, салыстырмалы талдау жасалынады. Зерттеу жұмысы мынадай бағыттар бойынша талдау жүргізеді:

Біріншіден, хронологиялық реттілікті сақтай отыра жасалынған талдау нәтижесінде перифразға қатысты осы уақытқа дейін сан алуан пікірлер қалыптасқандығы анықталды. Олардың қатарында «перифраздар – метафоралық ойлау нәтижесінде пайда болады» деген пікір бар. Сонымен қатар, тіл білімінде «перифраз – фразеологизмдердің бір түрі», «перифраздар – көркем образ беруден айырылған дайын штамп сөздер» деген тұжырымның кездесетінін ескере отырып, осы аталған пікірлер бойынша талдаулар жасайтын боламыз. Перифраз фразеологизм де, метафора да, дайын тілдік бірлік, яғни штамп сөздер емес, метафора мен фразеологизм секілді қызмет ететін сөз орамдары екенін дәлелдейміз.

Екіншіден, орыс тіл білімінде перифраздарға арналған сөздік түзілген, ал қазақ тіл білімінде сан алуан перифраздарға арналған сөздік жоқтың қасы. Осы мәселені ескере отыра, перифраздарға арналған қысқаша сөздік түзуді қолға алу керек екендігін, сөздіктің берер пайдасын талқылаймыз. Қысқаша сөздік түзіп ғана қоймай, олардың пайыздық көрсеткіші беріледі. Пайыздық көрсеткіштер оның жасалуы жолдарын: етістіктен болған перифраздар, есім сөзден болған перифраздар екендігін, семантикалық, мағыналық түрлерін ажыратып, саны жағынан көрсеткішін анықтайды.

Қазақ тілінде перифраздар сөздігін түзу бүгінгінің өзекті мәселесі. Перифраздарға арналған арнайы сөздік түзілсе, ЖИ-дің перифразды тануы, корпусқа енуі де қарқынды жүзеге асар еді. Себебі электронды сөздіктер машиналық оқытудың көзі. Ал жоғарыда атаған ЖИ, корпус мәселесі тікелей машиналық оқытумен қарастырылады. Ақын-жазушылар қолданысындағы, тіліміздегі тілдік перифраздарды талдау, олардың жасалу жолдарын қарастыру да троп саласына қосқан үлесіміз болар еді. Бұл арқылы екі нәрсеге қол жеткізе аламыз:

1. Авторлық перифраздардың зерттелуін қарастырып, олардың шығармаларына тілдік талдау жасаймыз;

2. Тропологияның бір саласы – перифраздың зерттелуіне де өз үлесімізді қосқан болар едік.

3. Зерттеуде салыстыру, сипаттау, талдау, жүйелеу, сараптау, сөздік түзу, статистикалық т.б. зерттеу әдістері қолданылады.

Зерттеу бөлімі

Перифраздың зерттелу тарихы. Перифраз бейнелі орам, көркемдегіш құрал. Белгілі бір нысан етіп алынған сөздің екіншілік атауы. Тек екіншілік атау болып ғана қоймай, ол сөзге ерекше образ береді [1, 25]. Перифраз мәселесін зерттеуде көптеген тұжырымдар ұсынылды. Перифраз ұғымының зерттелу тарихы ертеректен басталды.

Перифраз мәселесіне қызығушылық танытып, бұл туралы мәселені зерттеуге бет бұрған ғалымдар көп. Дегенмен, ғалымдар перифраз мәселесін қай салада қарастырамыз деген сұраққа нақты жауап бере қойған жоқ. Біреулер оны фразеологияның нысаны деп қарастырса, енді бірі синтаксиске жатқызғысы келеді. Кейде перифразды троптың немесе поэтикалық фигураның бір түрі ретінде де қабылдайды. Демек, бұл мәселе бойынша ортақ пікір әлі қалыптаспаған деген пікірді Ө. Айтбайұлы айтады [2, 140].

Ғалым Ө. Айтбайұлы қазақ тіліндегі перифраздардың қолданысын, табиғатын тілдегі статусын анықтай отырып мынадай анықтама береді: «Перифраз дегеніміз – затты,

процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау әрі соның негізінде олардың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, оларды бейнелі түрде сипаттау, анықтау» [3]. Кей еңбектерде перифразды – сөздердің бейнелі мағынада қолданылу тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі деп қарастырады [2, 140]. Кей ғалымдар бұны стильдік тәсіл деп қарастырады. Ол белгілі бір затты бейнелі, образды түрде атау үшін, оған экспрессивтік, эмоциялық, стильдік өң беру үшін, сөйлеуші мен айтушының, жазушының көтеріңкі көңіл күйін, бір нәрсеге деген жоғары бағасын үстеу үшін жұмсалады [2].

Перифраз мәселесі тек қазақ тіл білімінің жемісі емес. Перифраз термині туралы қысқаша мәліметтер сонау Аристотель заманынан бастау алады. Бұндай пікір орыс тіл білімінің еңбектерінде ұшырасқан. Аристотель, Цицерон еңбектерінің нұсқасы қазіргі таңда бізге тиесілі болмағандықтан, б.з.д. IV-II ғасырларда перифраз термині нақты қозғалды ма, әлде жоқ па көз жеткізу қиын. Дегенмен, В.П. Уткина секілді ғалымдар жоғарыдағы пікірді дұрыс деп есептейді [1].

Перифраз мәселесіне айрықша тоқталып, зерттеу жұмысы ретінде қарастырып, осы терминге қатысты жан-жақты талдау жасаған ғалым – В.П. Уткина. Орыс тілі білімінде бұл мәселе В.П. Уткинадан бұрын да талқыға түсті. Мәселен М.В. Ломоносовтың еңбегіндегі бірнеше тарауда перифраз туралы қысқаша түсінік бар еді. Ғалым М.В. Ломоносов «Труды по филологии» деген еңбегінің төртінші тарауында мынадай анықтама береді: «Тропы предложений суть пять: аллегория, парафразис, эмфазис, гипербола, ирония, от которых перед прочими украшениями получает слово особливое возвышение и великолепие, а особливо от четырых первых» [4, 249-250]. Бұл мәтіннен байқайтынымыз перифразды ғылыми тұрғыда тану, оның троп түрі екендігін ескеру әуелденақ қалыптасқан мәселе. Ғалым сөйлемдердегі троптар бес түрге бөлінетінін айта келе, перифразға мынадай анықтама ұсынады: Парафразис есть представление многими речениями того, что однем или немногими изображено быть может, например:

храбрый разоритель Карфагена, то есть Сципион [4, 252-253].

Ал 1905 жылы А.А. Потебня, перифрастикалық орам деген тіркеске анықтама ұсынды. Ол өзінің «Из записок по теории словесности» деген еңбегінде, «перифрастикалық орам деп – заттың өз атын атамай, оны басқаша, бірнеше сөздің көмегімен айту, яғни нысан етіп алған заттың ерекше қырын, өзіне тән тұсын баса айтып, сипаттап жеткізу» деген пікірді айтады [5].

Ө. Айтбайұлы А.А. Потебняның еңбегін қарастыра келе оған мынадай көзқарасын айтады: Ғалым А.А. Потебня перифраздың сыртқы жағдайын ғана қарастырып қоймай, оның ішке мағынасына назар аударған. Сонымен қатар, ғалым бұл еңбек перифраздың эпитетке ұқсастығын да, одан айырмашылығын да көрсетті дейді. Перифраз заттың, құбылыстың ең жақсы қасиетін суреттей келіп, эпитетке жақындайды, бірақ оның айырмашылығы заттың, құбылыстың жай атауымен қатар тұрмай, өз құрамындағы логикалық мағынаны эмоционалдық мағынамен ауыстырып тұруына байланысты деген пікірді айтады [2].

Перифраз мәселесінің зерттелуінде осындай бірнеше тұжырымдар бар. Бұл пікірлер перифраздың қолданыстық сипатына, зерттелу тарихына біршама үлестерін қосты.

2. Қазақ тіліндегі перифраза сөздігін түзудің тиімділігі. Перифраздарға қатысты сөздік түзу ісі әлі қолға алына қоймады. Дегенмен, бұған дейін перифраздар түсіндірмелі сөздікте бірлі-жарымды кездесті. Ең алдымен түсіндірмелі сөздікке қандай сөздер енеді деген сұрақтың жауабын нақтылап алайық. Түсіндірмелі сөздік, аты айтып тұрғандай таза әрі жалпыхалықтық тілге енген, көпшілігіне таныс, тұрақталған сөздердің жиынтығы, әбден қалыптасқан тілдік бірліктердің сөздігі.

Перифраздың түсіндірмелі сөздікте берілуіне қатысты Л. Жеребаеваның мынадай тұжырымдарын атап көрсетсек болады: тілдік перифраздардың сөздіктерде қаншалықты дәрежеде енгендігін анықтау мақсатында он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (1974-1986) қарастырып, оның ішінен біздің тақырыпқа қатысты, яғни отыз шақты ғана перифрастикалық тіркестерді тапқан.

Олардың қатарында 1-том бойынша «ақ алтын – мақта», «ақ бикеш – ақталған торы», «ақ жорға – арақ», «алтын дән – бидай», «ат ұстар – ұл» деген тәрізді он шақты перифраз болса, 2-томда «қара айғыр – паровоз», «қара алтын – тас көмір, мұнай», «қара қағаз – қаралы хат», «жыл құсы – қарлығаш, қараторғай», «құдай үйі – мешіт» деген алты перифраз, 3-томда «алтын ғасыр – социализм», «жасыл желек – өсімдік», «жасыл көше – ашық жол», «жасыл тыңайтқыш – бұршақ», «екінші тың – қой шаруашылығы» деген бес перифраз, 9-томда «жер тәңірісі – агроном», «соғыс тәңірісі – артиллерия», «темір тұлпар – трактор» деген үш перифраз, 4-томда «жылан бауыр – шынжыр табанды трактор», «космос кемесі – ракета» деген екі перифраз, 2-ші және 7-ші томдарда «зеңгі баба – сиыр», «ақ патша – император» деген бір-бірден перифраз бар екендігін айтады. Ал 5, 8, 10- томдарда ешқандай перифраздар кездеспеді деп топшылайды [1, 50].

Перифраздарды зерттеу барысында осы мәселеге айрықша тоқталып, тілімізде жиі кездесетін перифраздардың қысқаша сөздігін жасаған болатынбыз. Бұл сөздікте газет-журнал тілінде кездесетін, ақын-жазушылар тілінде ұшырасатын, ауызекі сөйлеуде қолданылатын, өнеркәсіп, ауыл шаруашылықта қолданылатын т.б. перифраздар қамтылған.

Орыс тіл білімінде арайы перифраздар сөздігі көп. Ол сөздікте сан алуан перифраздар берілген. Қазақ тіліндегі перифраздардың үлгілерін жинақтап, сөздік басып шығару ісі келешек зерттеушілердің қолында. Қазақ тіліндегі перифраза сөздігін құрастырудың тиімділігін ескеріп, осы зерттеу жұмысында зерттеу материалдарына бойынша 240 перифраза қамтылған шағын сөздік құрастырылды. Сөздік қосымшада берілді. Осы сөздік құрамына енген перифраздардың пайыздық көрсеткішін шығарайық. Кестедегі перифраздардың саны – 240.

№	А-І	Перифраздар	Нысаны
1	А	Ақ алтын	Мақта
2		Аспанның лағыл маржаны	Жұлдыз
3		Ащы су	Арақ
4		Ат ұстар	Еркек
5		Ажары қайту	Қартаю
6		Ажары тозу	Қартаю
7		Ата заң	Конституция
8		Алтын тенге сансыз жалқын	Жапырақ
9		Ақ бикеш	Тары
10		Ақ бас шалдар	Тау
11		Ақындардың атасы	Жамбыл
12		Ақ желеңді абзал жандар	Дәрігерлер
13		Аң патшасы	Арыстан
14		Адам жанының инжинері	Жазушы не мұғалім
15		Ақ ұлпа	Қар
16		Аспан перісі	Бүркіт
17		Азия арыстаны	Ақсақ темір
18		Азия көкжалы	Ақсақ темір
19		Ас атасы	Нан
20		Ас тәңірі	Нан
21		Арқаның бота көзі	Ақбөкен
22		Арманымның ақ құсы	Сүйіктім
23		Ақ жорға	Арақ
24		Ақ құлақ	Ірі қағаз ақша
25		Алтын дән	Бидай
26		Ат ұстар	Ұл
27		Алтын ғасыр	Социализм
28		Ақ патша	Император
29		Алатаудың інжу-маржаны	Марқакөл
30		Ақындардың атасы	Сүйінбай
31		Аспан асты елі	Қытай
32		Алтай бальзамы	Панты
33		Ақындардың пайғамбары	Абай
34		Айлардың сұлтаны	Рамазан айы
35		Алтай жүрегі	Өскемен су электр станциясы
36		Қазақстан Днепрогэсі	Өскемен су электр станциясы
37		Ауыл академиктері	Көнекөз қариялар
38		Адамның бұлбұлы	Әсет Найманбаев
39		Алтын астық	Бидай

40 41 42 43		Ақ сұлу Ақ күміс Ақ марал Ақындардың аққуы	Әйел Қыз-келіншек Сүйікті қыз Сәкен
44 45 46 47 48 49	Ә	Әуе кемесі Ән патшасы Ән маршалы Ән асқары Әлемнің астанасы Әзірейіл келген күн	Ұшақ Шәмші Әбілахат Есбаев Әміре Қашаубаев Париж Өлім
50 51 52 53 54 55 56 57 58 59	Б	Бұйрық дәмі бітті Болат сұңқар Білім ордасы Білім бұлағы Балқаш жолбарысы Бабтардың бабы Бала дәрігерінің маршалы Бесінші құрлық Бостандық аралы Бал бөбек	Өлді Самолет Мектеп, университет Кітап Василий Жиров Арыстанбап Камал Ормантаев Австралия Куба Күн
60 61	Ғ	Ғасыр індеті Ғасыр чумасы	СПИД СПИД
62 63 64 65 66 67 68	Д	Дала кемесі Дүниеден көшті Дәм-тұзы таусылды Дала аруы Дәулет құсы Дала рыцары Дала гүлі	Түйе Өлді Өлді Жүгері Бақыт Шоқан Уалиханов Қызғалдақ
69 70 71	Е	Ел басы Екінші нан Ескі көздер	Президент Картоп Қарттар

72		Екі ғасыр куәсі	Жамбыл
73		Екінші тың	Қой шаруашылығы
74		Екінші Аристотель	Әл-Фараби
75		Екінші птоломей	Әли құсбегі
76		Ел абызы	Ғабит Мүсірепов
77		Ер қанаты	Ат
78	Ж	Жүректің көзі	Саналылық
79		Жалған дүние	Өмір
80		Жүрекке өрт түсу	Ғашық болу
81		Жасыл тыңайтқыш	Жоңышқа,бұршақ
82		Жыр алыбы	Жамбыл
83		ХХ ғ. Гомері	Жамбыл
84		Жан азығы	Кітап
85		Жасыл дос	Өсімдік
86		Жасыл желек	Орман, өсімдік
87		Жер жаннатты	Жетісу
88		Жүз тілдің планетасы	Қазақстан
89		Жайқалған менің гүл-дерім	Қыздарым
90		Жыл құсы	Қарлығаш,қараторғай
91		Жасыл көше	Ашық жол
92		Жер тәңірісі	Агроном
93		Жылан бауыр	Шынжыр табанды трактор
94		Жасыл өрт	Арам шөп
95		Жынды су	Арақ
96		ХХ ғасыр обасы	СПИД
97		Жас иіс	Сәби
98		Жетісудың жүйрігі	Балғынбек Имашев
99		Жуас жирен	Шарап
100		Жан айнасы	Көз
101		Жердің аппақ төсегі	Қар
102		Жалбыр жал	Толқын
103		Жас елік	Әйел
104		Жас құлан	Келіншек
105		Жер еркесі	Жетісу
106	И	Ислам дүниесінің асыл маржаны	Самарқант
107	К	Күндізгі шам	Күн

108		Көңілдің сызығы	Уайым
109		Көңілдің күні өшу	Үміт үзілу
110		Көз майын ағызу	Зар мұңын айту
111		Көгілдір отын	Газ
112		Күншығыс елі	Жапония
113		Көк еркесі	Бүркіт
114		Көк тәңірісі	Бүркіт
115		Құс патшасы	Бүркіт
116		Көгілдір терезе	Теледидар
117		Космос кемесі	Ракета
118		Көк лақ	Қарбыз
119		Көктем гүлі	Бәйшешек
120		Күй атасы	Құрманғызы
121		Көшпенділер философы	Асан қайғы
122		Күй анасы	Дина
123		Күш атасы	Қажымұқан
124		Күретамыр	Жол
125		Көк жібек	Шөп
126		Көңілдің көк дөнені	Шөп
127	Қ	Қалам қас	Қыз
128		Қызыл гүл	Қыз
129		Қайратсыз тарту	Қартаю
130		Құдайдан бұйрық жетті	Өлді
131		Құдайдың құрған тезіне	Өлді
132		жолықты	Надандық
133		Қараңғылық пердесі	Сасыр
134		Қызылқұм падишасы	Көмір
135		Қара алтын	Күләш
136		Қазақтың бұлбұлы	Абай
137		Қазақтың бас ақыны	Паровоз
138		Қара айғыр	Қаралы хат
139		Қара қағаз	Мешіт
140		Құдай үйі	Кедей
141		Қара сирақ	Кедей
142		Қызыл сирақ	Үлкен үй
143		Қара шаңырақ	Цемент
144		Құрылыс наны	Фосфорит
145		Қара маржан	Қылша
146		Қазақстан женьшені	Шегіртке
147		Қара тажал	Ғұсман Қосанов

148 149 150 151 152 153 154 155 156 157 158 159 160 161		Қазақ желаяғы Қазақстан Швейцариясы Қара бұқа Қазақ вальсінің королі Қазақтың Левитаны Қазақтың Горькийі Қыр демосфені Қазақтың французы Қазақ сахнасының фигаросы Қызыл құлақ Қара азықтың қазысы Қағаз жолбарыс Қызыл алтын Қызыл маржан Қара көз	Бурабай Паровоз Шәмші Әнуарбек Байжанбаев Бейімбет Майлин Бөлтірік шешен Ғалымжан Мұқанов Ермек Серкебаев Саудагер Жент Америка Бидай Бидай Қыз
162 163 164 165 166 167 168	М	Мөлдір моншақ Маңдайға басқан жұлдызы Махаббат жыршысы Медицина атасы Мылтықсыз майдан жауын- гері Мәңгі жаз елі Мәңгілік мұздар мекені	Тамшы Еркесі Әзілхан Нұршайықов Гиппократ Елші Африка Антрактида
169 170 171 172 173 174	О	Он сегіз мың ғалам Орман дәрігері Орман алыбы Отты су От анасы Орыс қалаларының анасы	Дүние Құстар Бұлан Арақ Әйел Киев
175 176 177 178 179 180 181		Өмірдің өрін тауысу Өмірдің шыжығы Өндір шыбықтар Өмір сақшысы Өнеркәсіп наны Өмір нәрі Өмір өзегі	Қартаю Қайғы Жастар Дәрігер Металл Су Су
182	П	Піскен алма	Қыз

183		Пирамидалар елі	Египет
184	Р	Революция бесігі	Санкт-Петербург, Ленинград
185 186 187 188 189 190 191 192 193 194 195 196	С	Сегіз қиыр Сұм жалған Сұм дүние Сыр маржаны Сері жанды жер еркесі Сары әзәзіл Сырлы шек Су мұрын Сөз патшасы Соғыс тәңірісі Сервантестің тілі Сымсыз телефон	Дүние Өмір Өмір Күріш Жетісу Алтын Домбыра Сиыр Өлең Артиллерия Испан тілі Өсек
197 198 199 200 201 202 203 204 205 206 207 208 209 210 211 212 213 214 215 216	Т	Толқынды теңіз Түнгі шырағдан Тағдырдың сызығы Талаптың аты арындау Темір көзді сарай Темір тұлпар Түн еркесі Тілсіз жау Тұманды Альбион Тау тағысы Талпақ танау Төртінші билік Түн әміршісі Тіршілік тажалы Табиғат құлы Табиғат патшасы Тәрбие мектебі Түндердің сұлтаны Тіршілік көзі Түпсіз мұхит	Заман Ай Жазмыш Қатты талаптану Түрме Көлік Байғыз От, су Англия Арқар Шошқа Баспасөз Байғыз Радиактивтік қорым Орманшы Адам Отбасы Қадір түні Су Ой
217 218 219 220	Ұ	Ұзақ көш Ұлт көсемі Ұлыстың ұлы күні Ұлы террор	Өмір Әлихан 22 наурыз 1937 жылғы зұлмат

221 222		Ұзын құлақ Ұлы ана	Өсек Жер
223 224 225 226 227	Ү	Үміттің аты елеру Үшінші әлем Үшкілсіз көйлек Үшкілсіз көйлек кию Үй құты	Қатты үміттену Дамушы елдер Ақырет Өлім Қыз
228 229	Ф	Футбол королі Футбол елі	Пеле Италия
230 231 232 233	Х	Халық қалаулысы Халық батыры Халық батыры Хан сусыны	Депутат Амангелді Бауыржан Момышұлы Қымыз
234 235 236 237 238 239	Ш	Шенді шекпен жабу Шөл кемесі Шөл аруы Шайтан арба Шағын мемлекет Шын жүйрік	Қолына билік ұстату Түйе Сексеуіл Велосипед Отбасы Тіл
240	І	Ісламнің қылышы	Әл-Фараби

1-кесте – Перифраздар сөздігі

Перифраздардың нысаны қандай сөз табынан болғандығына қарай:

• Перифраздың нысаны зат есімнен болған: 223 сөз, 92,9% құрайды.

• Перифраздың нысаны етістіктен болған: 15 сөз, 6,25% құрайды.

• Перифраздың нысаны сын есімнен болған: 2 сөз, 0,8% құрайды.

• Перифраздың нысаны субстантивтенген сын есімнен болған: 2 сөз, 0,8% құрайды.

Бұл жердегі әрі субстантивтенген әрі сын есім ретінде қарастырып отырған сөзіміз: кедей, бай. Келесі бір сипаты

перифраздардың мына бір семантикалық топтарға құрылуы:

- Адам есімдеріне қатысты: 38 сөз, 15,8%
- Уақыт, мерзім, датаға қатысты: 8 сөз, 3,33%
- Мал атауы, төрт-түлік: 5 сөз, 2,08%
- Аң, жыртқыш, жануар: 6 сөз, 2,5%
- Құс: 6 сөз, 2,5%
- Өсімдік, гүл: 18 сөз, 7,5%
- Тамақ, азық-түлік: 5 сөз, 2%
- Гендерлік: 12 сөз, 5%
- Аспан денелері, ғалам: 6 сөз, 2,5%
- Мамандық: 6 сөз, 2,5%
- Жер-су, қала, елді мекен атаулары: 23 сөз, 9,5%
- Ауру, залал атаулары: 3 сөз, 1,25%
- Техника: 9 сөз, 3,75%

Жиі кездескен атаулардың жалпы пайызы 60,41% құрайды. Саны жағынан 145 сөз. Қалғаны аз кездесетін, семантикалық топқа бөлуге келмейтін атаулар. Олардың саны – 95, пайыздық көрсеткіші – 39,58%. Пайыздық көрсеткіштерді статистикалық үлгіде бердік, ол үшін 48,49-суретке назар аударайық:



1-сурет – Перифраздың семантикалық топтарына қарай пайыздық көрсеткіші

Перифраздар сөздігі – тіл байлығының айқын көрінісі. Перифраздар сөздігін түзу арқылы лексикалық бірліктер айқындалып ғана қоймай, жалпы ұлттың, халықтың дүниетанымы, тілдің сипаты ашылады. Перифраздар – сөз өнерінің бейнелі құралы, оларды қолдану сөйлеу мен жазуды көркем әрі әсерлі етеді. Осы сөздікті түзу барысында тілдің икемділігі мен бейнелілігіне көз жеткіздік. Әр перифраз белгілі бір ұғымды жанама түрде сипаттап қана қоймай, оны жаңа қырынан танытады. Аталған сөзді көркемдеп, басқаша қырынан жеткізуге тырысады. Бұндай тілдік қолданыстар тек көркем әдебиет стилінде ғана емес, өзге де стиль түрлерінде, публицистикалық стильде, жарнама тілінде, ауызекі сөйлеу стилінде, газет-журнал тілінде де жиі ұшырасады. Қоғамда күннен күнге жаңа атаулар мен тілдік қолданыстар пайда болуда. Оларды зерттеу, кездесу жиілігін анықтау өте маңызды. Перифраздар сөздігін құрастыру арқылы қазақ лексикографиясының дамуына өз үлесімізді қосқымыз келеді. Болашақта перифраздардың қолданылу аясын кеңейту, жаңа баламаларды жинақтау және оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу – тіл мамандары мен зерттеушілердің маңызды міндеттерінің бірі. Перифраздар сөздігін құрастыру арқылы қазақ лексикографиясының дамуына өз үлесімізді қосқымыз келеді.

Қорытынды

Перифраз мәселесіне қатысты зерттеулер аталған троп түрін сан түрлі қырынан зерттеп келді. Бірі перифразды стилистикалық тәсіл десе, енді бірі тропологияның жемісі дейді. Тіпті тәуелсіздікке дейінгі жылдары жарық көрген еңбектерде перифразды эвфемизммен байланыстырып, «түрме – темір көзді сарай» деген мысалды әрі перифраз, әрі эвфемизм ретінде қарастырды. Енді бір жылдары перифразды дайын тілдік бірліктер, стилистикалық клище, штамп сөздер ретінде санады. Уақыт өте келе перифраз дайын тілдік бірліктер емес, таным мен метафоралық ойлауға негізделген көріктеу құралы екені анықталды. Осыған байланысты болар, перифраздың тілімізде бірнеше түрлері пайда болды. Бір ғалымдар перифразды: тілдік, авторлық деп бөлсе, енді

бірі семантикасына қарай: метафоралық, метонимиялық, эвфемистік, поэтикалық, синекдохалық деп қарастырды. Аталған бөліністерді дұрыс/бұрыс деп жіктемесек те, перифраздың семантикалық түрлермен мағыналық байланысын қарастырдық.

Перифраз әдеби бірлік те, тілдік бірлік те бола алады. Олай деуіміздің себебі, жалпыхалықтық перифраздар, белгілі мамандық, өсімдік, жануар атауына қатысты перифраздар бұл тілімізде тұрақталып, фразеологизмге жақындап, тілдік бірлік ретінде қызмет етуде. Ал әдеби бірлікке жақындығы авторлық, поэтикалық перифраздар бұл белгілі бір жазушының, не ақынның өзіндік қолданысы. Бұл тұста ақынның тілдік қарымы, оның стилі, танымы сөз болады. Бұндай перифраздар тілде тұрақталды деуге келмейді. Поэтикалық перифразды ақынның шығармашылығын зерттегенде біліп, танысып жатамыз.

Зерттеу жұмысында осы аталған мәселелердің ара жігін ажыратып, арнайы мысалдардың көмегімен талдау жүргіздік. Тілімізде одан да бөлек, авторлық перифраздан тілдік перифразға уақыт өте келе ауысқан сөздер де бар. Бұл Ө. Айтбайұлының зерттеуімен, тұрақты тіркеске жақындығы болар. Бұндай құбылыстың орын алуы үшін де біраз уақыт қажет болары сөзсіз.

Орыс тіл білімінің еңбектері перифразға қатысты сөздік жасап шығуымен ерекшеленеді. Перифразды зерттегенде бастан аяқ талдау жүргізді десек те болады. Олар перифраздың эфолюциясын функционалдық қажеттілікпен байланыстыра қарады. Бұл туралы А. Новиков өз зерттеу жұмысында айтқан болатын. Ал қазақ тіл білімінде дәл осыған ұқсас пікірді Г. Амандықова өз кандидаттық диссертациясында Н. Ивановаға сілтеме бере отырып көрсетеді.

Перифраздың құрылымдық ерекшелігі, семантикалық бөлінісі ғасырлар бойы зерттеліп келеді. Дегенмен перифразды оқытуда жіберіп отырған қателігіміз, оны троп түрі ретінде өзге көріктеуіш құралдармен қатар бермеуіміз.

Қазір жаңа технологияның, электронды қолданыстар мен жасанды интелектінің заманы болғандықтан тек перифразды

ғана емес, тропологияны да машиналық оқытуға енгізу қажет. Бұл бастаманы корпуска енгізу мәселесімен қатар қоюды жөн көрдік. Корпустық лингвистиканың көмегімен перифраздарды беру, оларды оқыту әлдеқайда жеңілерек. Біріншіден, уақыт тапшылығына қарамастан, перифразға қатысты мысалдар тізбегін, олардың мағынасын, нысанын бірден анықтауға болады. Екіншіден, есте сақтау, керек мәліметтерді жоғалтып алмау, нақты әрі дұрыс ақпарат алу көзі болмақ.

Қорыта айтқанда, әуелде аталған аспектілер бойынша зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу барысында түсінгеніміз перифраз бұл көріктеуіш құрал ғана емес, адамның шығармашылық ойлау қабілетін арттыратын тілдік бірліктер, сөздік қорымызды байытатын құнды тізбектер. Себебі бір ғана сөзге бірнеше перифрастикалық орамдар жасалуы мүмкін. Не болмаса көпмағыналық қасиетіне қарай, бір перифраздың бірнеше нысаны болуы мүмкін. Аталған нәтижелерден синонимдік қатарлар түзіліп, сөздік қорға еніп, олардың санын күннен күнге көбейтеді.

Перифраз мәселесі әлі талай зерттеулерді қажет етеді. Мысалы: «күнделікті ауызекі сөйлеуде адамдар қанша пайыз перифрастикалық тіркестерді пайдаланады?», «көркем әдебиетте көріктеу құралы ретінде бір мәтіннің ішінде неше пайыз перифраз кездеседі?», «оқулықтарда перифраздың неше пайызы қамтылған?», «қай стиль түрі перифразды жиі қолданады?», «қайталаулардан қашу үшін публицистикалық жанр неше тілдік перифраздарды қолданады?» деген сұрақтар төнірегінде талдаулар жасап, перифраздың адам өміріндегі пайдасын, тілімізге тигізер көмегін зерттеп, көрсеткіштер шығаруға болады.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе айтпағымыз, перифраз – троптың ең көне, ең өнімді түрі. Перифразды бір бағыт бойынша ғана зерттемей, оның сан түрлі қырын бірнеше аспектіде қарастыру қажет. Сонда перифраздың табиғатын нақты әрі толық түсіне аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Жеребаева Л.Р. Қазақ тіліндегі тілдік перифраздардың мағынасы мен қызметі: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2008. – 130 б.

2 Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 398, [2] б.

3 Солтанбекова А.А. Қазақ тіліндегі перифраздардың қолданысы жайында // Тілтаным. – 2018. – № 2. – 15-20 б.

4 Ломоносов М. Труды по филологии. – Москва-Ленинград: Академии наук СССР, 1952. – 993 с.

5 Потебня А. Из записок по теории словесности. – Харьков: М.В. Потебня, 1905. — IV, 652 с.

6 Балли Ш. Трактат по французской стилистике. – Париж: Librairie C. Klincksieck, 1909. – 354 с.

7 Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – Москва: Московский университет, 1957. – 448 с.

8 Кожин А. Перифраз как стилистическое средство публицистической речи // Ученные записки. МОПИ им. Н. Крупской. – 1964. – Т. 148. – Вып. 10. – 49-65.

9 Синельникова Л.Н. Именная перифраза в языке современной советской поэзии: Автореф. канд. дис. филол. наук: 10.02.01. – Москва, 1975. – 22 с.

10 Сыздықова Р. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 248 б.

11 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.

12 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

13 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Астана: Ғылым, 2015. – 204 б.

14 Қалиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. – 168 с.

15 Үсенбаева Г.Ж. Перифраздың тілдік табиғаты: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 1995. – 140 б.

16 Амандықова Г.Я. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 120 б.

17 Айтбайұлы Ө., Үсенбаева Г. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 304 б.

18 Новиков А. Б. Словарь перифраз русского языка. – Москва: Русс. яз., 2004. – 352 **б.**